

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**
6B023-ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№2 ХАТТАМА

Түркістан қаласы

24.12.2025 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы – PhD., аға оқытушы М.Д.Талдыбаева, академиялық персонал: PhD, аға оқытушы А.Ш.Ермекбаева, аға оқытушы Г.Т.Макенова, оқытушы А.О.Нұрманова, PhD, аға оқытушы Г.Т. Шериева, ф.ғ.к., қауымд. проф. Ж.И.Исаева, ф.ғ.к., аға оқытушы Ж.К. Суинжанова, PhD, доц.м.а. Г.Д.Абиханова, ф.ғ.к., доцент С.Б.Бейсембаева, ф.ғ.к., доцент А.Н. Байтуова, аға оқытушы Л.Б. Алиева, аға оқытушы Ш.А.Каримова, PhD, аға оқытушы М.М. Молдашева, білім алушылар өкілі: М. Шаншархан, А.Бозарова, А.Е.Алдиова, Н.Жанабайұлы, Ж.Т. Айтуарова, А.Орынбасар, жұмыс беруші өкілі: У.С. Кыдыров, Е.Н. Бектаев, Е.Хандиллаев, Н.Жақсылықова.

Қатыспағандар:

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2025-2026 оқу жылына бакалавр, магистратура, докторантура бойынша ББ аудит жүргізу
2. Оқу жетістіктерін, жұмыс берушілер мен түлектердің кері байланысын талдау
3. Қараша, желтоқсан айларында атқарылған шаралар нәтижесін талдау
4. Әртүрлі мәселелер

АК төрағасы М.Талдыбаева күн тәртібіндегі бірінші мәселе 2025-2026 оқу жылына бакалавр, магистратура, докторантура бойынша ББ аудит жүргізу керектігін айтты. Сонымен қатар, академиялық комитетке қарасты білім беру бағдарламаларының соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері; - БББ-н пәндердің силлабустарында көрсетілген нәтижелерін талдау; - Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері; - жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері; - сауалнамалар білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері; - білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері; - түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері бойынша өз ойларын ортаға салуды сұрады.

АК мүшесі Л.Б.Алиева: біздің кафедраға қарасты 6B02333–Шетел филологиясы: түрік тілі білім беру бағдарламасына қатысты айтатын мәселе. ББ пәндері бойынша силлабус сапасын жақсарту, пәннің ОНінің пән мазмұнына сай келуі, сабақ өтудің жаңа әдіс-тәсілдері бойынша мониторинг жүргізілді, Силлабусты егжей-тегжейлі қарап, 6B02333–Шетел филологиясы: түрік тілі білім беру бағдарламасының курстан күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелерімен (ОН) және университет мақсатымен, миссиясымен және құндылықтарымен айқын байланысты екендігін, пән сипаттамасында игеретін дағдылары нақты айтылғандығына, ОН мен ПОН өзара үйлесімділігі бар екендігіне тоқталып, барлық тараптарға сай екендігін айтты. Академиялық кезең барысында оқытушы-профессорлар педагогикалық жүктемеге сәйкес пәннің оқыту формаларына сай силлабуста көрсетілген тақырыптар негізінде әр апта сайын сабақ өткізіп, әрбір аптада өтілетін сабаққа пәннің оқыту нәтижелері сәйкес келетіндігін атап өтті.

АК мүшесі Ж.И.Исаева: Пәндердің оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқытушылар әрбір сабақта силлабусқа енгізілген әдіс-тәсілдерді тақырыптың мазмұны мен студенттердің қызығушылықтарына сәйкестендіре отырып, оқу нәтижелерін тиімді

меңгеруге бағыттайды. 2025-2026 оқу жылында жасалған силабустарға мониторинг жұмыстар жүргізілді. Әрбір оқытушының силабустары пәннің сипаттамасы мен оның оқыту нәтижелеріне сай жасалған. Қазақ филологиясына қарасты 6B02336-Филология: қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының соңғы 3-5 жылда қорытындысы бойынша жұмыс жасалып жатыр, жақсарту жұмыстарының бір көрінісі пәндердің силабустарының жасалу сапасы, оқыту нәтижелерінің пәннің оқыту нәтижесімен үйлесуі әбден сақталған. Сонымен қатар биылғы оқу жылында 7M02315 – «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасын ашу мәселесі жоспарланып отыр.

6B02336- Филология: қазақ филологиясы білім беру бағдарламасы бойынша

S (strenght) Күшті жақтары

- ПОҚ дәрежелілігінің жоғары деңгейі;
- ЖОО үздік оқытушылары санының жыл сайын артуы;
- Гранттық қаржыландырылатын жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі;
- Сыртқы академиялық ұтқырлықтың жоғары деңгейі.

W (weakness)–Әлсіз жақтары

- Шет тілдерін меңгерудің әлсіз деңгейі;
- Шетелдік ЖОО-лармен байланыстың әлсіздігі;
- Түлектерді жұмысқа орналастырудың төмен пайызы;
- Үш сатылы білім беру мүмкіндігінің төмендігі (бакалавриат, магистратура, докторантура).

АК мүшесі А.Ш.Ермекбаева: 6B02333- Шетел филологиясы: түрік тілі, 7M02313-Шетел филологиясы: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы бойынша

S (strenght) Күшті жақтары

- - Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мамандықтың білім беру стандартымен және университет миссиясымен тоғысуы, мамандарды сапалы даярлауы;
- - Мәулана академиялық ұтқырлық бағдарламасымен келген Түркиялық ғалымдардың пайдалы семинарлар ұйымдастыруы
- - Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мамандықтың білім беру стандартымен және университет миссиясымен тоғысуы, мамандарды сапалы даярлауы;
- - Білім беру бағдарламасы түлектерінің сұранысқа ие болуы;
- - Бұл мамандық бойынша жыл сайын Түркия грантының берілуі;
- - Лингвистикалық орталықта тілдің барлық деңгейлерін меңгеру мүмкіндігі;
- - Түркітану саласында тарихи түрік тілін зерттеулерде Түркістан аумағын тілдің ең маңызды ошағы ретінде қарауы;
- - Жыл сайын Республикалық пән олимпиадасында жүлделі орындарға ие болуы ;
- - Туризмді дамыту мекемелерінде іс-тәжірибеден өтуі;
- - Мәулана академиялық ұтқырлық бағдарламасымен ТР-ның ЖОО-нда оқып қайту мүмкіндігінің болуы.

W (weakness)–Әлсіз жақтары

- - Халықаралық бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы;
- - Қазақстандық және шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстардың болмауы;
- - Стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді кешенді қаржыландырудың шектелген мүмкіндіктері.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша **АК төрағасы М.Талдыбаева** сөз алып, оқу жетістіктерін, жұмыс берушілер мен түлектердің кері байланысын талдауды ұсынды.

Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері Түркістан қаласы, Тілдерді оқыту және дамыту орталығы КММ, Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы "Жастар ресурстық орталығы" КММ, Түркістан қаласы, Turkistan Media Holding ЖШС, Түркістан қаласы, «Тұран Түркістан» ЖШС-мен байланыс тапты.

Жұмыс берушілердің кері байланысын талдау

Жұмыс берушілерден кері байланыс сауалнама, сұхбат және практика жетекшілерінің есептері арқылы жиналды.

Жұмыс берушілердің оң бағалауы:

- Түлектердің теориялық білім деңгейі жоғары.
- Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесін меңгерген.
- Жұмыс тәртібі, кәсіби этика және жауапкершілік көрсеткіштері жақсы бағаланады.
- Оқушылармен коммуникация және сыныпты басқару қабілеті оң нәтиже көрсеткен.

Жұмыс берушілер атап өткен жетілдіру бағыты:

- Цифрлық білім беру платформаларын (Kundelik, BilimLand, Google Classroom) толық меңгеру қажет.
- Жаңартылған білім мазмұны бойынша бағалау критерийлерін қолдануда тәжірибе жетіспейді.
- Сабақта жаңа педагогикалық тәсілдерді (кейс, зерттеу, жобалық оқыту) қолдану жиілігін арттыру.

Жұмыс берушілердің ұсыныстары:

- Мектеп мұғалімдерімен бірлескен семинарлар ұйымдастыру.

3. Түлектердің кері байланысын талдау

Түлектер арасында өткізілген сауалнама мен сұхбаттар негізінде мынадай қорытындылар жасалды.

Түлектердің оң пікірі:

- Білім беру бағдарламасының мазмұны еңбек нарығына сәйкес келеді.
- Теориялық дайындық пен педагогикалық практика көлемі жеткілікті.
- Кафедра тарапынан академиялық қолдау деңгейі жоғары.
- Әдебиет пен тіл білімі бойынша берілетін пәндер сапасы жоғары бағаланады.

Түлектер көрсеткен қиындықтар:

- Сынып жетекшілігі, ата-анамен жұмыс жүргізу аспектілері толық қамтылмаған.
- Мультимедиялық контент әзірлеу дағдылары жеткіліксіз.

Түлектердің ұсыныстары:

- Практика барысында сабақ өткізу саны мен кері байланыс жиілігін арттыру.
- Студенттерге арналған педагогикалық тренингтер мен шеберлік сабақтарын көбейту.

Талдау нәтижелері білім беру бағдарламасы бойынша оқу жетістіктері, жұмыс берушілер мен түлектердің кері байланысы жалпы алғанда оң динамиканы көрсететінін дәлелдейді. Бағдарлама еңбек нарығы талаптарына сәйкес және кәсіби құзыретті мұғалімдер даярлауға бағытталған.

Жетілдіру қажет негізгі бағыттар:

1. Цифрлық педагогика және АКТ құзыретін күшейту.
2. Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі құжаттамамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.
3. Практикалық сабақтар мен педагогикалық практиканың мазмұнын жаңғырту.
4. Жұмыс берушілермен ықпалдастықты кеңейту.

5. Түлектердің кәсіби бейімделуін қолдайтын бағдарламаларды іске қосу.

Үшінші мәселе бойынша АК төрағасы М.Талдыбаева: Бүгінгі мәжілісте 2025–2026 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларының (ББ) аудиттері мен олар бойынша шешімдер қабылдау (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу), ББ сапасын арттыру мақсатында бағдарламалардың күшті және әлсіз жақтарын бағалау және оларды жақсарту жөніндегі ұсыныстарды талқылау мәселелері қаралды. Сондай-ақ қараша–желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралардың нәтижелеріне талдау жасалды. Жалпы, аталған кезеңде жоспарға сәйкес орындалған жұмыстар Академиялық кеңес мүшелерімен қарастырылды.

4. Әртүрлі мәселелер

7М02315 – «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасын ашу мәселесі туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселе бойынша Филология факультеті, Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, **ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.И.Исаева** сөз алды. 7М02315 – «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасын ашудың өзектілігін, еңбек нарығындағы сұранысын, бағдарламаны іске асыруға қажетті жағдайлар туралы ақпарат берді. Сондай-ақ, білім беру бағдарламасын іске асыруға қажетті ғылыми-педагогикалық әлеуеттің жеткілікті екенін, профессор-оқытушылар құрамының біліктілік деңгейі талаптарға сәйкес келетінін, материалдық-техникалық базаның және кадрлық қамтамасыз етудің бағдарламаны сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. АК мүшелері бұл мәселені ортаға салып, талқылады. **Ф.ғ.к., доцент С.Б.Бейсембаева:** «Аталған білім беру бағдарламасын ашу қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінің даму басымдықтарымен, ұлттық тіл мен рухани мұраны сақтап, дамыту қажеттілігімен тығыз байланысты. Қазақ тіл білімінің заманауи лингвистикалық бағыттарда дамуы, тілдік саясаттың жүзеге асырылуы, ғылыми кадрлар даярлау қажеттілігі магистрлік деңгейде терең кәсіби дайындықты талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, 7М02315 – «Филология: қазақ филологиясы» магистратурасы жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауға бағытталған өзекті бағдарлама болып табылады».

PhD, аға оқытушы Г.Т.Шериева: «Еңбек нарығында қазақ филологиясы саласы бойынша магистрлерге сұраныс жоғары. Бағдарлама түлектері жоғары оқу орындарында оқытушы, ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми қызметкер, орта және арнаулы білім беру ұйымдарында әдіскер, сондай-ақ мәдениет, тіл саясаты, бұқаралық ақпарат құралдары, баспа ісі, аударма және білім беру менеджменті салаларында кәсіби қызмет атқара алады. Бұл мамандарға деген қажеттілік әсіресе қазақ тілін оқыту, ғылыми зерттеу жүргізу және тілдік нормаларды жүйелеу бағыттарында айқын байқалады».

PhD, доц.м.а. Г.Д.Абиханова: Білім беру бағдарламасын іске асыру үшін жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы тартылған. Олардың қатарында филология ғылымдарының докторлары, кандидаттары, PhD докторлары, қауымдастырылған профессорлар мен тәжірибелі оқытушылар бар. Оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерін қамтиды, халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми жарияланымдары, жобаларға қатысу тәжірибесі жеткілікті. Бұл магистранттардың ғылыми-зерттеу құзыреттерін қалыптастыруға толық мүмкіндік береді.

АК төрағасы М.Д.Талдыбаева Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор **Ж.И.Исаеваның** ұсынысын, АК мүшелерінің пікірлерін негізге ала отырып, **7M02315 – «Филология: қазақ филологиясы»** білім беру бағдарламасын ашу мәселесін дауысқа салуды ұсынды.

Академиялық комитет мүшелері ұсынысты бірауыздан қолдап, төмендегідей шешім қабылдады:

ШЕШІМ:

1. 2025-2026 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдерін қабылдау (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу) қанағаттанарлық деп есептелінсін.

2. Оқу жетістіктерін, жұмыс берушілер мен түлектердің кері байланысын талдау бойынша ұсыныстар назарға алынсын.

3. Қараша, желтоқсан айларында атқарылған шаралар нәтижесін талдау нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.

4. 7M02315 – «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасын ашу мәселесі орынды деп танылсын.

5. Аталған білім беру бағдарламасының енгізілуі университеттің Академиялық комитетінде қарастырылуға ұсынылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшы:



М.Д.Талдыбаева

Г.Д.Абиханова